

Қазақстан Республикасында шетелдік азаматтарға және азаматтығы жоқ адамдарға саяси баспана беру тәртібі туралы НҰСҚАУЛЫҚ

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі 1997 жылғы 3 сәуірдегі N 278 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 8 сәуірде тіркелді. Тіркеу N 278. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2012 жылғы 4 шілдедегі № 08-1-1-1/296 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Сыртқы істер министрінің 2012.07.04 № 08-1-1-1/296 (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Осы Нұсқаулық Қазақстан Республикасы Президентінің 15.07.1996ж. N 3057 Жарлығымен бекітілген "Шетелдік азаматтарға және азаматтығы жоқ адамдарға саяси баспана берудің тәртібі туралы" Ережесінің негізінде жасалған және Қазақстан Республикасының шетелдердегі дипломатиялық өкілдіктер мен консулдық мекемелерінің іс жүзінде пайдалануына арналған. Қараныз U060000198

I. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасында шетелдік азаматтарға және азаматтығы жоқ адамдарға (бұдан әрі - тұлғалар) саяси баспана халықаралық құқықтың жалпы жұрт таныған нормаларының негізінде, Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының заңдарына және "Шетелдік азаматтарға және азаматтығы жоқ адамдарға саяси баспана берудің тәртібі туралы" Ережесіне сәйкес беріледі.

2. Азаматтық алған және/немесе тұрып жатқан елде қоғамдық-саяси қызметі, нәсілі немесе ұлты, діни нанымдары үшін қудалаудан немесе қудалаудың құрбаны болудың шын қаупінен баспана іздеуші немесе қорғауды қажет ететін, сондай-ақ халықаралық құқықтың нормаларында көзделген адам құқықтары бұзылған жағдайда тұлғаларға және олардың отбасы мүшелеріне Қазақстан Республикасы саяси баспана береді.

3. Қазақстан Республикасында саяси баспана беру туралы немесе саяси баспана беруден бас тарту туралы шешімді Қазақстан Республикасының Президенті қабылдайды.

4. Қазақстан Республикасында саяси баспана мына жағдайларда берілмейді, егер бұл адам :

1) Қазақстан Республикасының заңдарымен қылмыс деп танылатын іс-әрекеттері үшін (немесе әрекетсіздік) қудалауға түссе немесе Біріккен Ұлттар Ұйымының мақсаттары мен принциптеріне қайшы келетін іс-қимылдарды ж а с а ғ а н ы н а а й ы п т ы б о л с а ;

2) қылмыстық іс бойынша айыпталушы ретінде сотқа тартылған немесе оған қатысты Қазақстан Республикасының аумағында соттың заңды күшіне енген а й ы п т а у ү к і м і б о л с а ;

3) қудалау қаупі болмаған үшінші елде тұрып жатса;

4) күнілгері жалған мәліметтер берген болса;

5) қудалауға жатпаған үшінші елдің азаматтығын алған болса;

6) егер бұл шын мәнісінде Қазақстан Республикасының сол немесе өзге мемлекетпен екі жақты қарым-қатынастарының дамуына ықпалын тигізетін болса.

II. Қазақстан Республикасында шетелдік азаматтарға және азаматтығы жоқ адамдарға саяси баспана беру туралы өтініштерді тапсыру және қарау тәртібі

5. Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде жүрген және саяси баспана алғысы келетін тұлға Қазақстан Республикасы Президентінің атына жазылған жазбаша өтінішін ҚР-дің дипломатиялық өкілдігіне немесе консулдық мекемесіне өзі барып тапсыруға тиіс.

6. Егер тұлға саяси баспананы балаларымен бірге беру туралы өтініш етсе, онда жасы 14-ке жеткен балаларының жазбаша келісімі талап етіледі.

7. Өтініш беруші саяси баспана беру туралы мәселе шешілгенге дейін айына сирек дегенде екі рет өзі тұрып жатқан жерде Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдігіне немесе консулдық мекемесіне барып көрініп тұрады. Осы тәртіпті сақтамаған жағдайда Көші-қон департаменті немесе дипломатиялық өкілдік, не консулдық мекеме жағдай анықталғанша материалдарды ресімдеуді т о қ т а т а т ұ р а д ы .

8. Қазақстан Республикасы Президентінің атына Қазақстан Республикасына саяси баспана беру туралы өтініште осы Нұсқаулықтың 2-тармағына сәйкес келетін негіздер мәлімделуге тиіс.

9. Өтінішке мынадай құжаттар қоса беріледі:

а) екі дана да өмірбаян;

б) иммунотапшылық вирусына тексерілгенін көрсете отырып, денсаулығының жай-күйі туралы анықтама;

в) көлемі 4см x 5см болатын төрт фотосурет.

10. Саяси баспана беру мәселесі жөніндегі өтініштерді ресімдеуді жүзеге

асыратын консулдық мекемелер осы нұсқаулықта аталған құжаттар мен материалдарға қоса өтініш иесіне осы іске қатысы бар басқа да құжаттарды талап етуге құқылы. Өтініш иесінен құжаттарды қабылдау кезеңінде, мүмкіндігінше, оның материалдық-қаржы жағдайы (жылжымалы және жылжымайтын мүлік, банк реквизиттері) туралы нотариалды куәландырылған құжаттардың да маңызы аз болмайды. Тапсырылған құжаттарда толық емес немесе дұрыс берілмеген мәліметтер табылған жағдайда құжаттар өтініш иесіне толықтыруларды немесе түсіндірулерді енгізу үшін қайтарылды.

11. Барлық құжаттар қазақ немесе орыс тіліне жазылуға тиіс немесе қазақ және орыс тіліне тиісінше куәландырылған аудармамен жабдықталуға тиіс.

12. Өтініштің материалдары бойынша дипломатиялық өкілдіктер немесе консулдық мекемелер қорытынды жазбалар жасайды және материалдарды екі дана етіп Сыртқы істер министрлігіне жібереді.

Сыртқы істер министрлігі өз қорытынды жазбасын жасайды және материалдарды Көші-қон департаментіне жолдайды.

13. Саяси баспана беру туралы материалдар туралы жазылған қортындыларда , өтінішті қанағаттандыру немесе оны қайтарып тастаудың мақсатқа лайықтылығының себептері егжей-тегжейлі баяндалады.

Дипломатиялық өкілдіктердің немесе консулдық мекемелердің қорытынды жазбаларын елші немесе консулдық мекеменің басшысы бекітеді.

Сыртқы істер министрлігінің қорытынды жазбасын сыртқы істер министрінің о р ы н б а с а р ы б е к і т е д і .

14. Саяси баспана беру туралы өтініш бойынша материалдарды ресімдеудің мерзімі өтініш берілген күннен бастап бір айдан аспауға тиіс.

III. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан Республикасында саяси баспана беру туралы Жарлықтарын атқарудың тәртібі

15. Саяси баспана беру Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен жүргізіледі.

16. Қазақстан Республикасы Президентінің саяси баспана беру туралы немесе саяси баспана беру туралы өтінішті қайырып тастау туралы Жарлығы атқарылуы үшін Сыртқы істер министрлігіне жолданады.

17. Дипломатиялық өкілдік немесе консулдық мекеме қабылданған шешім туралы Қазақстан Республикасында саяси баспананың берілуі туралы өтініш берген тұлғаға хабарлайды.

18. Қазақстан Республикасында саяси баспана берілген тұлғаға және оның 16-жасқа толған отбасы мүшелеріне белгіленген үлгіде куәлік беріледі.

Саяси баспаның берілгендігі туралы куәлікті Көші-қон департаменті береді.

19. Қазақстан Республикасында саяси баспана берілген тұлға мына жағдайда саяси баспанаға құқығын жояды:

- 1) Қазақстан Республикасында саяси баспанадан ерікті түрде бас тартқан;
- 2) Қазақстан Республикасының азаматтығын немесе басқа елдің азаматтығын алған;
- 3) өз азаматтығының еліне ерікті түрде қайтуы немесе үшінші бір елге тұрақты тұруға кеткен;
- 4) осы нұсқаулықтың 2-тармағында белгіленген негіздерді жоғалтып алған жағдайларда.

Саяси баспанаға деген құқықтың жоғалғаны туралы Көші-қон департаменті ізінше Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Азаматтық бөліміне және Ішкі істер органдарына хабарлаумен тіркейді.

20. Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік мүдделеріне, Біріккен Ұлттар Ұйымының мақсаттары мен принциптеріне қайшы келетін іс-әрекетпен айналысқан немесе, егер тұлға қасақана қылмыс жасаған болса және оған қатысты заңды күшіне енген айыптау үкімі болғанда Қазақстан Республикасының Президенті оны саяси баспана алу мүмкіндігінен айырады.

IV. Қазақстан Республикасында саяси баспана алған тұлғалардың және олардың отбасы мүшелерінің құқықтық жағдайы

21. Саяси баспана берілген тұлға және оның отбасы мүшелері Қазақстан Республикасының Конституциясында және Қазақстан Республикасындағы шетелдік азаматтардың және азаматтығы жоқ адамдардың құқықтық жағдайы және болуы ережелері туралы Қазақстан Республикасының Заңында көзделген құқықтарды және еркіндіктерді пайдаланады, сондай-ақ өздеріне міндеттер алады.